

ЖАМЕЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ШЫҒЫС № 13-02/28
10. 01 2024 ж.

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге 2024 жылдың 26 қаңтар күні М.Өзбеков атындағы мәдениет үйінің азасында тәлімгерлердің кәсіби шеберлігінің деңгейін көтеру, тәлімгер мамандығының беделін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау, тәлімгердің мәртебесін арттыру, кәсіби қызметте жоғары жетістіктері мен тәлімгердің шығармашылық, жаңашылдық жақтарын анықтау және заманауи тәлімгерлік тәжірибелерді тарату, "Жас Ұлан" ұйымы жұмысын кеңінен насихаттау және жүргізу мақсатында «ҮЗДІК ТӘЛІМГЕР-2024» атты аудандық байқауы ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды.

Осыған орай, қосыша ережені жолдай отырып, 2024 жылдың 22 қаңтар күніне дейін abb_elzat@mail.ru электрондық поштасына сұраныс жолдауды тапсырады. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар аудандық байқауға қатыстырылмайды.

Қосымша: 3 парақта (ереже)

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы



М.А.Базарова

«БЕКІТЕМІН»

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы
М.Базарова

« _____ » _____ 2024 жыл



«ҮЗДІК ТӘЛІМГЕР - 2024»
тәлімгерлік шеберлік байқауының
ЕРЕЖЕСІ

1. Мақсаты мен міндеттері

Байқаудың мақсаты:

Тәлімгерлердің кәсіби шеберлігінің деңгейін көтеру, тәлімгер мамандығының беделін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау, тәлімгердің мәртебесін арттыру, кәсіби қызметте жоғары жетістіктері мен тәлімгердің шығармашылық, жаңашылдық жақтарын анықтау және заманауи тәлімгерлік тәжірибелерді тарату, "Жас Ұлан" ұйымы жұмысын кеңінен насихаттау және жүргізу.

Байқаудың міндеттері:

- шығармашылық ізденісте жұмыс істейтін тәлімгерлерді анықтау, оларды қолдау және мадақтау;
- байқау мектеп тәлімгерлерінің көшбасшылық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, озат педагогикалық тәжірибені анықтап, "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы жүйесінде қолдауға бағытталған;
- мектеп тәлімгерінің кәсіби шеберлігін арттыру;
- қоғам назарын балалар қозғалысының мәселелеріне аудару;
- жаңа, дәстүрлі емес әдістерді, шығармашылық ізденісін ынталандыру;
- тәлімгердің педагогикалық шеберлігінің деңгейін анықтау;
- қоғамда тәлімгер мамандығы туралы оң көзқарас қалыптастыруға ықпал ету.

2. Ұйымдастырушылар

2.1 Байқау ұйымдастырушылары – Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі және Балалар мен жасөспірімдер орталығы

2.2 Ұйымдастырушылар:

- байқауды өткізу бағдарламасын;
- қазылар алқасының құрамын;
- байқау туралы ережені анықтайды және бекітеді.

1- Байқаудың өтілу мерзімі:

Аудандық байқау – 26 қаңтар 2024 жылы М.Өзбеков атындағы мәдениет үйі базасында өтеді.

Байқауға қатысу туралы сұранысты abb_elzat@mail.ru электрондық поштасына 2024 жылдың 22 қаңтарына дейін жіберілуі қажет. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар аудандық байқауға қатыстырылмайды. Сонымен қатар, сұраныс міндетті түрде мектеп директорының қолы мен мөрі болуы қажет.

3. Байқау қатысушылары

Аудандық байқауға орта жалпы білім беретін мектептерінің еңбек өтілі 1 жылдан кем емес, тәлімгерлер жолданады.

4. Байқау шарттары:

I. «Мен тәлімгермін!»

Байқау қатысушылары шығармашылық таныстыруын дайындау қажет. Берілетін уақыт – 5 минут.

Бағалау критерийлері:

- шығармашылық қабілеті;
- тақырыпты ашуы;
- ерекшелігі;
- әртістік шеберлігі;
- музыкалық және көркемдік безендіру.

II. «Тәлімгерлік істегі менің жетістіктерім»

Қатысушы өз жұмысын таныстыру қажет. Берілетін уақыт 3 минут. Бұл кезеңде қатысушының тәлімгерлік шеберлік аясындағы жетістіктерін растайтын, алынған дипломдар, куәліктер және алғыс хаттар көрсетілген слайд немесе бейне ролик ұсынылады.

Бағалау критерийлері:

- өзін және жұмысын таныстыра білу;
- өз жұмысында қолданатын әдіс – тәсілдерінің тиімділігі;
- шығармашылық қабілеті;
- инновациялары және ерекшелігі;
- қатысушының жеке табыстары мен жетістіктері.

III. «Тәлімгерлік тосынсый»

Байқау қатысушылары кез-келген жанрда шығармашылық өнер көрсетеді (өзі ғана). Ұзақтығы – 5 минут.

Бағалау критерийлері:

- айқындылығы, ашықтығы және ерекшелігі;
- шығармашылық қабілеті;
- әртістік шеберлігі;
- музыкалық және көркемдік сүйемелдеу;
- сахна мәдениеті.

немесе

«Залмен ойын өткізу»

Бағалау критерийлері:

- нақты мақсат қоя білуі, мақсаттың жүзеге асуы және ойынға қызықтыруы;
- ойын қатысушыларын ұйымдастыра білуі;
- ойын ережесін түсіндірудегі нақтылық;
 - сөйлеу мәнері, педагогикалық техника, интонация, дыбыстауы;
 - ерекшелігі, жаңалығы;
 - қысқалығы.

№1 қосымша

«ҮЗДІК ТӘЛІМГЕР - 2024»

атты тәлімгерлік шеберлік байқауына қатысуға
СҰРАНЫС

1. Қала, ауданы _____
2. Аты-жөні (толық) _____
3. Туылған күні, айы, жылы _____
4. Жұмыс орны, қызметі _____
5. Жұмыс орнының мекен-жайы, телефон _____

6. Тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефоны _____

7. Білімі туралы мәлімет _____

8. Еңбек өтілі _____